

● Саяси қуғын-сүргін – тарихтың ащы сабағы

2. Сарсаңға түскен сарбаздар тағдыры

Екінші дүниежүзілік соғыстың адамзат жүрегіне салып кеткен жарасы әлі жазылған жоқ. Сол жараның бірі – тұтқындар мәселесі. Кеңестік биліктің «Бізде әскери тұтқындар жоқ, сатқындар бар» деген ұстанымы миллиондаған тұтқынның тағдырына ауыр зардабын тигізді. Олардың сол кездегі билікке, қоғамға деген өкпе-реніштері іштерінде кетті. Олар соғыстың тақсыретін бір тартты, фашистік концлагерьлердің тақсыретін екі тартты, сталиндік нәубеттің тақсыретін үш тартты. Мұндай азап тартқан тұтқындар әлемнің бірде-бір елінде жоқ. Сондықтан болар, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі бастамасы көпшіліктің көңілінен шығып отыр. Еліміз үшін, тарих үшін бұл маңызы зор оқиға.

Шымкент қалалық полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінде Түркістан облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға қатысты істердің жалпы саны 17 231 екен. Солардың ішінде «ақталмаған азаматтардың мұрағаттық қылмыстық істері» қорының жалпы саны – 563. Оның көпшілігі әскери тұтқындар. Олардың арасында «Түркістан легионында» болған жерлестеріміз де баршылық.

Кеңестік заманда аталған легион М.Шоқайдың атымен байланыстырылып келді. Біздіңше, Түркістан легионын Мұстафа Шоқайдың есімімен тікелей байланыстыру дұрыс емес. Мұстафа Шоқайдың Риббентропқа жолдаған хатынан оның «Түркістан легионын» басқарудан бас тартқанын білеміз. Сондай-ақ, ол 1941 жылы 27 желтоқсанда жұмбақ жағдайда өмірден өткен. Ал, «Түркістан легионы» 1942 жылдың шілде айынан бастап жасақталған. «Кеңестік тұтқындар аталмыш легионға өз еркімен кірді» деген пікір де шындыққа мүлде жанаспайды. Тұтқындар лагеріндегі адам тәзгісіз жағдай, аяусыз ұрып-соғу, абақтыны жайлаған аштық жауынгерлерді «Түркістан легионының» қатарына енуге амалсыз мәжбүр еткен.

Ендеше, сол жат жерде жау қолында қалып, қапастан құтылса да қасірет шеккен қандастардың бірқатарының тағдырына тереңірек үңіліп көрейік.

Сауытбек КӨРІБАЕВ – 1906 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында туған. Ұлтты қазақ, отбасылы, 7 сыныптық білімі бар, әскер қатарына 1940 жылы алынған. 1946 жылы 30 қарашада тұтқындалып, 10 жылға сотталыпты.

Айта кетелік, «легиондықтарды» ақтау үдерісінде тек әскери трибуналдың тұжырымын ғана негізге алмай, тұтқындардың өз қолымен жазған арыз-шағымдарына да көбірек көңіл бөлгеніміз жөн. Себебі, әскери трибунал шешімдерінде тұтқындардың бір жағы қаралмауы басым. Мәселен, жоғары аталған Көрібаев Сауытбекті айыптау қорытындысында оның тұтқынға еш қарсылықсыз



батылдан ешқандай ұрысқа қатыстырылған емес. Тек әскери дайындықтан өтіп жүрдік.

Аудармашылар мектебінде 6 ай оқыған соң біз алдымен Польша астанасы Варшавадан 40-45 шақырым жердегі Янов лагерінде, кейін 1944 жылы штрафбат құрамында Белоруссияның Слоним қаласында түрлі қара жұмыстар атқардық. Бар бітіргеніміз – күндіз-түні ағылып келіп жатқан жүк көліктерінен қару-жарақтарды түсіріп, қоймаға жинау. Одан қалса, жарықтың жарамсыз күйге түскен теміржол рельстерін қалпына келтіреміз. Ал, штрафбат турасында айтар болсам, ол «легиондағы» сенімсіз солдаттардан жасақталды. Сондықтан мені де «сатқын» деп кесіп айтуға асықпауыңызды өтінемін. Қанша қателікке бой алдырсам да, қанша жұртты қанға бекірген жөндеттерге жансыз болған жоқпын. «Донос» туралы айтқандары да бос дабыра. Штрафбатқа да мені басында аудармашы етіп жіберген еді...».

Көрібаев қаншама шындығын айтып шырылдаса да ОҚО МҚК басқармасының аға тәрғеушісі, кіші лейтенант Аверин СМЕРШ арқылы алынған материалдарды басты айғақ көрген. Ол Сауытбектің жау қолында болғанын жасырып қалғанын, бірнеше куәлардың жазбалары бойынша оның Польшаның Зеленово елді мекенінде «легионға» қосылғанын, ефрейторлықтан бөлім командиріне дейін көтерілгенін, т.б. атап көрсетеді. Олардың айтуынша, Көрібаевтың ең ауыр айыбы – неміс барлаушына жазмет етіп, штрафбаттағы кеңес әскерінде қосылу үшін қашуға әрекеттенгендерді өшкере бергені. Соның салдарынан 95 адам қамауға алынғанын баса айтыпты. Біздіңше, бұл айып та

әлімжөттікпен тартып алып, ұрып-соқты» деген секілді т.б. қосымша айыптарды қардай боратқан абақты басшысы Сейітжаппардың «срогын» тағы бір жылға созуды сұрапты. Біздіңше, бұл әділетсіздікке төзе алмаған Сейітжаппар КСРО Жоғарғы Кеңесіне шағым жолдап, өзінің ары таза екенін дәлелдемекке тағы бір тырысып көрген секілді. Сейітжаппар Көрібаевтың кезекті арызына көз жүгіртсек. «... Мен жасымның 18-ге де толмағанын жасырып, майданға өз еркімен сұранып аттанған азаматпын. Түркістан әскери комиссариаты мені 102-атқыштар дивизиясының құрамына қосты. 3-Украин майданындағы бірнеше шайқасқа қатыстым.

Өмірімді тозаққа айналдырған сол сәтті есіме алсам әлі күнге дейін денем түршігеді. Иә, 1942 жылғы жаудың кезекті шабуылы мен бомбалауы біз үшін сәтті болмады. Топыраққа көміліп, есімнен танып қалыппын. Қанша уақыт жатқаным жадымда жоқ, есімді жисам еңгезердей неміс нұқып оятып жатыр екен. Күн де арқан бойы көтеріліп қалыпты. Осылайша ғайыптан тайып тірі қалдым. Бізді анда-санда бір тамақтандырып, ертеден қара көшке дейін небір ауыр жұмыстарға жекті. Мен атырада жылқыларға қарадым. 1944 жылға дейін осы жұмыстың арқасында жан бақтым десем де болады. Сол жылы бізді босатып, тергеп-тексерді де, мені конвоймен Кемерово облысының Кисловодск қаласына жөнелтті. Сол қаладағы шахтада 1946 жылдың қысына дейін жұмыс істедім. Сонан соң өзімнің кіндік қаным тамған Түркістаныма қайтып, ата-анаммен, ағайын-туыспен қауыштым. Үйге келген соң Ащысай

жазба түрткі болды ма, 1955 жылы 15 тамызда абақтыда 5 жылың өткізген Сейітжаппар Молдыбаевты мерзімінен бұрын босатыпты.

«Түркістан легионында» болған тағы бір жерлесіміз – 1917 жылы туған, Оңтүстік Қазақстан облысы, Георгиевка ауданы, Ленгер қаласының тумасы **Жандарбек ТАНКЕЕВ**. Қазақ, 5 кластық қана білімі бар. Бұрын сотты болмаған, партия қатарына кірмеген Танкеевке тағылған айып – 1940 жылдың шілдесіне дейін кеңес әскері қатарында болып, тұтқынға түскесін 1942 жылы «Түркістан легионы» қатарына кіргендігі. Осы «қылмысы» үшін 1949 жылы 8 қыркүйекте Түркістан әскери округі әскери трибуналының шешімімен РСФСР ҚК-нің 58-1-бабының «б» тармақшасына сай айыпты деп танылып, 25 жылға сотталған.

Кезінде Ленгір қаласында «Ленгіркөпір» кенішінде кен қазып, кейіннен электровоз кондукторы болып жұмыс істеген Жандарбекке «Түркістан легионы» қатарында жүргенде унтер-офицер атағы беріліпті.

1954 жылы 14 қыркүйекте ОҚО МҚК тәрғеу бөлімі басшысының тарапынан толтырылған қылмыстық істің қорытындысына үңілсек, ол «Түркістан легионының» 3-әскери батальонының штабтық ротасында взвод командирі болғанға ұқсайды. Сонан соң Ж.Танкеевтің батальоны Майкоп ауданы маңындағы майданға жіберілген. Дегенмен, бұл батальон тек қорғаныс құрылыстарын жүргізумен ғана шектелген. Бұл турасында Танкеевтің өзі де: «...1943 жылы біздің батальонды Францияға жіберді де, жоғарыда аталған шенді сол жерде алдым. Бірақ, біздің батальон тек американо-ағылшын әскерлеріне қарсы бекіністерді тұрғызумен ғана айналысты, майдан шебінде болған жоқ» деген. Оның бұл сөзін Досанқұлов пен Джундутаев секілді куәгерлер де жоққа шығармаған. Ж.Танкеев Иркутск облысының Ангарск қаласында 7 жыл жазасын өтеп келіп, еңбекке араласып, тек жақсы жағымен көзге түседі.

Ал, 1919 жылы туған, ОҚО, Келес ауданы, «Еңбек» көңшарының тұрғыны **Өшірқұл МӘМБЕТӨЛИЕВ** 1950 жылы 1 қарашада ұсталып, жоғарыда аталған баппен сотты болады. Ұлтты қазақ, отбасылы, байдың ұрпағы болғандықтан партия қатарына алынбаған. Қара танымайтын қазақ баласы 1941 жылы шілдеде жау қолына түсіп, «Түркістан легионына» кіруге мәжбүр болған.

Айыптау қорытындысынан анықтағанымыз Өшірқұл әскер қатарына 1939 жылы Сарыағаш аудандық әскери комиссариатынан шақырылып, алдымен қатардағы сарбаз ретінде №4048 әскери бөлімде даярлықтан өтеді де, сұрапыл соғыс басталған тұста Латвия майданына жіберіліп, Десна өзені маңындағы шайқаста тұтқынға түседі. Ол Белоруссияның Минск, Германияның Мозберг қалаларындағы және Польшаның Песочный елді мекендеріндегі лагерлерде болған. Легионға да осы Польшаның Легионово қыстағында алынып, кіші командирлер даярлайтын мектепке қабыл-

